

Ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 17 мамырдағы № 167 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 17 мамырда № 34383 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 508-122) тармақшасына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік және Мал шаруашылығы департаменттері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қағидалардың 7-тармағының бірінші бөлігі 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін: "7."

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Экология
және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2024 жылғы 17 мамырдағы
№ 167 бұйрығымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.02.2025 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 508-122) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1358 қаулысымен бекітілген Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларының 3-1-тармағына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар табиғи сипаттағы төтенше жағдай туындаған сәтте сақтандыру объектісі (бұдан әрі – сақтандырылған мүлік) болып табылатын жеке және заңды тұлғаның мүлкіне қолданылмайды. Сақтандырылған мүлік Қазақстан

Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандырушының қаражаты есебінен өтелуге тиіс.

3. Ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарын жоюға көзделген біржолғы бюджет қаражаты есебінен және/немесе ұйымдардың, азаматтардың ерікті жарналарының, қорлар мен қоғамдық бірлестіктердің, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер (бұдан әрі – бюджеттен тыс қаражат) есебінен жүзеге асырылады.

2-тарау. Ауыл шаруашылығы саласындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу тәртібі 1-параграф. Өсімдік шаруашылығы саласындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының, ішкі істер органдарының (келісу бойынша), қоғамдық ұйымдардың, "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері және жергілікті қоғамдастықтар өкілдерінің қатарынан комиссия (бұдан әрі – өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия) құрады.

Өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, жеті адамнан аспайды.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) болып табылады.

5. Өсімдік шаруашылығы саласындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалдың өтелетін құнының мөлшерін айқындауды өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия жүзеге асырады.

6. Жұмыс органы табиғи сипаттағы төтенше жағдай туындаған кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсында өсімдік

шаруашылығы саласындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге арналған өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыруды (бұдан әрі – хабарландыру) орналастырады.

7. Өтінімдерді қабылдау табиғи сипаттағы төтенше жағдай туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

Хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) орналасқан жері, почталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық почта мекенжайы көрсетілген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының атауы;

2) құжаттарды қабылдаудың басталған және аяқталған күні мен уақыты;

3) осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың тізбесі;

4) өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия отырысының өткізілген күні, уақыты және орны.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өсімдік шаруашылығындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге арналған өтінім (бұдан әрі – залалды өтеу туралы өтінім) береді.

Залалды өтеу туралы өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесі;

2) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

3) тұқымның сорттық және егістік сапасын растайтын құжаттардың көшірмелері (бүлінген тұқымдарға өтінім беру кезінде қоса беріледі):

аттестатталған тұқым өндірушілерден сатып алынған тұқымдар бойынша:

тұқым аттестатының не тұқым куәлігінің көшірмесі;

импорттық тұқымдар бойынша:

жөнелтуші елдің құзыретті органы берген тұқымның сорттық және егістік сапасын растайтын құжаттың көшірмесі;

өз өндірісінің тұқымдары бойынша:

апробациядан өткізу актісі мен тұқымның кондициялылығы туралы куәліктің не апробациядан өткізу актісі мен тұқымдарды талдау нәтижесінің көшірмесі.

Жер учаскесіне сәйкестендіру, құқық белгілейтін құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда (табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан немесе табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою кезеңінде мұндай құжат жоғалған, бүлінген немесе

жойылған жағдайларда), жұмыс органы жер учаскесі бойынша деректерді жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесінен алуды дербес жүзеге асырады.

9. Залалды өтеу туралы өтінім және өтінімге қоса берілетін құжаттар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы қолма қол не электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында "Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы электрондық түрде беріледі.

Залалды өтеу туралы өтінімді жеке тұлға не заңды тұлғаның басшысы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген адам беруі мүмкін.

Залалды өтеу туралы өтінімнің көшірмесінде оны қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, лауазымы, күні көрсетіле отырып, тіркелгені туралы белгі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесінде қағаз тасығыштағы өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

"Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесінде жеке немесе заңды тұлғалардың залалды өтеу туралы өтінімдеріне тіркеу нөмірін (индексін) беру автоматты түрде жасалады және әріптерден тұратын индекстен, сондай-ақ тіркеу жылы мен сегіз таңбадан тұратын тізбекті реттік нөмірден тұратын бірегей нөмірден тұрады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі залалды өтеу туралы өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды жұмыс органына жібереді.

10. Жұмыс органы құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және толықтығын тексереді.

Ұсынылған мәліметтердің толық еместігі анықталған кезде, жұмыс органы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде құжаттарды одан әрі қараудан бас тартудың нақты себептерін көрсете отырып, жеке немесе заңды тұлғаға уәжді бас тартуды жібереді.

Құжаттарды одан әрі қараудан уәжді бас тарту "Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы жіберіледі.

Құжаттарды одан әрі қараудан уәжді бас тартылған жағдайда, жеке немесе заңды тұлға осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде құжаттарды қайта тапсырады.

11. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау мерзімдері өткеннен кейін жұмыс органы бір жұмыс күні ішінде жеке немесе заңды тұлғаның құжаттарын өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссияның қарауына береді.

12. Өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия он жұмыс күні ішінде залалды өтеу туралы өтінімде қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді, жеке немесе заңды тұлғаның жер учаскелерін қарап-тексеруді, табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде зардап шеккен ауыл шаруашылығы дақылдарының егістерін, тұқым сақтау орындарын зерттеп-қарауды жүзеге асырады.

Бүлінген тұқымдар үшін залалды өтеу туралы өтінімдерді қарау кезінде өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия мүшелері тұқымдарды есепке алу журналынан, сондай-ақ байқау журналынан деректерді (мәліметтерді) қосымша зерделейді.

Зерттеп-қарау жеке немесе заңды тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхат негізінде әрекет ететін жеке немесе заңды тұлғаның сенім білдірілген адамының қатысуымен жүзеге асырылады және нәтижелері бойынша растайтын фотосуреттер мен бейнематериалдарды міндетті түрде қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде зардап шеккен ауыл шаруашылығы дақылдарының егістерін және тұқым сақтау орындарын зерттеп-қарау актісі ресімделеді.

Залалды өтеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия жеке немесе заңды тұлғаға бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бас тарту себептері көрсетілген жазбаша хабарлама "Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы жіберіледі.

13. Табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке немесе заңды тұлғаға келтірілген залалды мамандандырылған егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен келісілген ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің технологиялық картасына сәйкес 1 (бір) гектарға нақты ауыл шаруашылығы дақылын өсіруге жұмсалған шығындарға қарай, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы қалыптастыратын ресми статистикалық ақпараттың деректеріне сәйкес тауарлық астықтың ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бөлінісінде ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының нарықтық құны негізінде өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия айқындайды.

Егер жеке немесе заңды тұлға субсидия алушы болып табылса (басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамыту; тұқым шаруашылығын дамыту; тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын арзандату; саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантиндік объектілерге қарсы өңдеуді жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын арзандату; ауыл

шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын арзандату), онда залалдың мөлшері алынған субсидия сомасын шегеру арқылы айқындалады.

Бұл ретте өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің технологиялық картасын тәлімі және суармалы егістіктерге, оның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарын жабық және ашық топырақта өсіретін алаңдар бойынша бөлек жасайды.

14. Табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген залалды өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия мынадай формула арқылы анықтайды:

$$U = T * P - S,$$

мұндағы:

U – келтірілген залал мөлшері, теңге;

T – ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге арналған технологиялық картаға сәйкес 1 (бір) гектарға ауыл шаруашылығы дақылын өсіруге жұмсалған шығын мөлшері;

P – ауыл шаруашылығы дақылдары жойылған, дақылдар өсірілетін алаң;

S – тиісті жылы ауыл шаруашылығы дақылдары жойылған, дақылдар өсірілетін алаңға алынған субсидиялар көлемі, теңге.

15. Ауыл шаруашылығы дақылдарының бүлінген тұқымдары үшін келтірілген залалды өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия мынадай формула бойынша айқындайды:

$$C = K * H - S,$$

мұндағы:

C – залал мөлшері, теңге;

K – бүлінген тұқымдардың мөлшері, тонна;

H – ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының нарықтық құны, бір тоннаға теңге;

S – тиісті жылы сатып алынған ауыл шаруашылығы дақылдарының бүлінген тұқымдары үшін алынған субсидиялар сомасы, теңге.

16. Ауыл шаруашылығы дақылдары егістіктері мен тұқым қоймаларын зерттеп-қарау қорытындылары бойынша өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және өсімдік шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастырады және жұмыс органына жібереді.

Комиссия өтеу туралы шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және өсімдік шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке немесе заңды тұлғалардың тізбесі облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жұмыс органы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және өсімдік шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың жиынтық тізбесін (бұдан әрі – өсімдік шаруашылығы саласындағы жиынтық тізбе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның жергілікті атқарушы органының бірінші басшысының қолын қойдырып, қалыптастырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Жұмыс органы өсімдік шаруашылығы саласындағы бекітілген жиынтық тізбені (есептеулерді) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына қаражат бөлу туралы шешім қабылдау үшін жолдайды.

19. Қаражат бөлу туралы шешім қабылданғаннан кейін жұмыс органы жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспарлары бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде " Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін қаражатты өтеуге арналған төлем шоттарын қалыптастырады.

Қаражат аудару туралы хабарлама "Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы жіберіледі.

2-параграф. Мал шаруашылығы саласындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу тәртібі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жеке және заңды тұлғаларға бюджет қаражаты есебінен және/немесе бюджеттен тыс қаражат есебінен мыналар белгіленген өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін залалды өтеу жүзеге асырылады:

1) өлген ауыл шаруашылығы жануарында сәйкестендіру белгілерінің (құлақ сырғасы, тавро, микрочип) болуы;

2) өлген ауыл шаруашылығы жануарының сәйкестендіру белгілері жоқ, бірақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорында болғанының расталуы;

3) өлген ауыл шаруашылығы жануарының орналасқан жерінің болмауы, бірақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорында болғанының расталуы.

21. Жеке және заңды тұлғаларға бюджеттен тыс қаражат есебінен инкубациялық жұмыртқалар шығынына байланысты өтемақы олар бойынша:

1) инкубациялық жұмыртқаларды сатып алғанын растайтын және инкубациялық процесті растайтын құжаттардың болуы;

2) "Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 16-07/307 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тізілімінде № 11003 болып тіркелген) сәйкес жануарлардың өлекселерін және өзге де биологиялық қалдықтарды жою туралы актінің бар екені анықталғанда жүзеге асырылады.

22. Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының, ішкі істер органдарының (келісу бойынша), қоғамдық ұйымдардың, "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кәсіпкерлер палатасының және жергілікті қоғамдастықтың өкілдерінен комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны жеті адамнан кем емес тақ санды құрайды.

Комиссия өлген ауыл шаруашылығы жануарлары, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу құнының мөлшерін анықтауды жүзеге асырады.

23. Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы өтінімдерді қабылдау табиғи сипаттағы төтенше жағдай туындаған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалдың құнын өтеу үшін жеке және заңды тұлғалар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін және бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеуге арналған өтінімді береді.

25. Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы жеке тұлғалардың өтінімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық

маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы қолма қол не электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында " электрондық үкіметтің" веб-порталындағы мобильді қосымша арқылы электронды түрде беріледі.

Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы заңды тұлғалардың өтінімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы қолма қол не электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында " Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы электронды түрде беріледі.

Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы өтінімді жеке тұлға не заңды тұлғаның басшысы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген адам беруі мүмкін.

Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы өтінімнің көшірмесінде оны қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, лауазымы, күні көрсетіле отырып, тіркелгені туралы белгі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесінде қағаз тасығыштағы өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

"Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесінде заңды тұлғалардың өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы өтінімдеріне тіркеу нөмірін (индексін) беру автоматты түрде жасалады және әріптерден тұратын индексден, сондай-ақ тіркеу жылы мен сегіз таңбадан тұратын тізбекті реттік нөмірден тұратын бірегей нөмірден тұрады.

Жеке тұлға "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы мобильді қосымша арқылы жүгінген жағдайда жеке тұлғаның "жеке кабинетінде" сұранымның қабылдануы туралы мәртебе, сондай-ақ нәтиженің алынған күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі өлген ауыл шаруашылығы жануарлары және инкубациялық жұмыртқалар шығыны үшін залалды өтеуге арналған өтінімді жұмыс органына жолдайды.

26. Жұмыс органы өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы өтінімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оны қарайды және толықтығын тексереді.

Ұсынылған мәліметтердің толық еместігі анықталған кезде жұмыс органы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде өтінімді одан әрі қараудан бас

тартудың нақты себептерін көрсете отырып, жеке немесе заңды тұлғаға уәжді бас тартуды жібереді.

Өтінімді одан әрі қараудан уәжді бас тарту "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы мобильді қосымша арқылы не "Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы жіберіледі.

Құжаттарды одан әрі қараудан уәжді бас тартылған жағдайда, жеке немесе заңды тұлға осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген мерзім ішінде құжаттарды қайта тапсырады.

27. Осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген өтінімді қарау мерзімдері аяқталған соң жұмыс органы бір жұмыс күні ішінде өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеуге арналған өтінімді комиссияның қарауына береді.

28. Комиссия он бес жұмыс күні ішінде өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы өтінімде қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді.

Осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген жағдайларда, комиссия ауыл шаруашылығы жануарларының иелері туралы мәліметтерді ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы ауыл шаруашылығы жануарларының бірдейлендіру нөмірлері бойынша тексеруді жүзеге асырады.

Осы Қағидалардың 20-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының орналасқан жерінің жоқтығы анықталған кезде ауылдық округ әкімінің , учаскелік полиция инспекторының және ветеринариялық қызмет өкілінің қатысуымен кемінде 3 куәгерді – елді мекен тұрғындарын тарта отырып, ауыл шаруашылығы жануарларының өлімі туралы комиссиялық акті жасалады.

Өлген ауыл шаруашылығы жануары болған кезде оны өртегеннен кейін жануарлардың өлекселерін және өзге де биологиялық қалдықтарды жою актісі жасалады.

Құс басы бойынша келтірілген залалды және инкубациялық жұмыртқалар шығынын өтеуді комиссия шаруашылықтардың санатына қарамай жануарлардың өлекселерін және өзге де биологиялық қалдықтарды жою туралы тиісті актілердің қорытындылары бойынша жүзеге асырады.

29. Залалды өтеу мөлшері ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері және жастық-жыныстық тобы кесіндісінде ауыл шаруашылығы жануарларының нарықтағы бағасы бойынша Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы қалыптастырған ресми статистикалық ақпараттың деректері негізінде айқындалады.

30. Инкубациялық жұмыртқалар шығыны болған жағдайда осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде инкубациялық жұмыртқалар шығынының толық құны өтеледі.

31. Жұмыстың қорытындылары бойынша комиссия осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және мал шаруашылығы саласында зиян келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастырады және жұмыс органына жібереді.

Комиссия өтеу туралы шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және мал шаруашылығы саласында зиян келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін, сондай-ақ бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, комиссия бас тарту себептерін көрсете отырып, жеке немесе заңды тұлғаларға жазбаша хабарлама жібереді.

Бас тарту себептері көрсетілген жазбаша хабарлама "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы мобильді қосымша арқылы не "Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы жіберіледі.

32. Жұмыс органы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және мал шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке немесе заңды тұлғалардың жиынтық тізбесін (бұдан әрі – мал шаруашылығы саласындағы жиынтық тізбе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының бірінші басшысының қолын қойдырып, қалыптастырады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Жұмыс органы бекітілген мал шаруашылығы саласындағы жиынтық тізбені қаражат бөлу туралы шешім қабылдау үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, жергілікті атқарушы органына жолдайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Қаражат бөлу туралы тиісті шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жеке және заңды тұлғаларға төлем жүзеге асырылады.

Қаражат аудару туралы хабарлама "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы мобильді қосымша арқылы не "Электрондық өтініштер" ақпараттық талдау жүйесі арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының кеңсесі арқылы жіберіледі.

35. Ауыл шаруашылығы саласындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу мәселелері бойынша шағымдарды қарау Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы саласында
табиғи сипаттағы төтенше
жағдайлар нәтижесінде жеке
және заңды тұлғаларға
келтірілген залалды өтеу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(облыстың, республикалық
маңызы бар қаланың, астананың,
ауданның, облыстық маңызы
бар қаланың жергілікті
атқарушы органының толық
атауы)

_____ атынан
(жеке тұлғаның не заңды тұлға
басшысының не өкілеттігін
растайтын тиісті құжаттың
негізінде уәкілетті адамның аты,
әкесінің аты (бар болса), тегі))

Өсімдік шаруашылығындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге арналған өтінім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Маған өсімдік шаруашылығы саласындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан келтірілген шығынды өтеп беруіңізді сұраймын.

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон нөмері, электрондық почтасы: _____

жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

берген орган _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі, электрондық почтасы: _____

Дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама – жеке тұлға үшін:

орналасқан жері _____

хабарлама берілген күн _____

2. Жер учаскесі туралы мәліметтер:

P/c №	Кадастрлық нөмірі	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде, егістік жерлер		Зардап шеккен ауыл шаруашылығы дақылдың атауы мен көрсетесі, ауыл шаруашылығы дақылдары жойылған, дақылдар өсірілетін алаң	Жер учаскесінің меншік иесінің немесе жеке пайдаланушының атауы
			тәлімі	суармалы		
1	2	3	4		5	6

кестенің жалғасы

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың түрі	Тұқым сақтау орнының нөмірі	Ауыл шаруашылығы дақылдың түрі	Репродукция	Бүлінген тұқымның көлемі, тонна
7	8	9	10	11

3. Құжаттар туралы мәліметтер:

тұқымның сорттық және егістік сапасын растайтын құжат:

құжаттың атауы _____

құжат нөмірі _____

берілген күні _____

кім берген _____

тұқым сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертхана берген кондициялылығы туралы куәлік (түйнекті талдау актісі, тұқымдық талдау нәтижесі):

құжат нөмірі _____

берілген күні _____

кім берген _____

Қазақстанда өндірілген тұқымдар бойынша егістерді сынақтан өткізу актілері:

құжат нөмірі _____

берілген күні _____

кім берген _____

4. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шоты туралы мәліметтер:

ЖСН/БСН _____

банктің деректемелері: _____

банктің атауы: _____

банктік сәйкестендіру коды _____

жеке сәйкестендіру коды _____

БСН _____

бенефициар коды _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ деректерді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға беруге келісім беремін.

Басшы _____

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Күні: 20__ жылғы "___" _____

Ауыл шаруашылығы саласында
табиғи сипаттағы төтенше
жағдай нәтижесінде жеке және
заңды тұлғаларға келтірілген
залалды өтеу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде зардап шеккен ауыл шаруашылығы дақылдарының егістерін және тұқым сақау орындарын зерттеп-қарау актісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың) атауы

Заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның (дара кәсіпкердің) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: _____

Тәлімі/суармалы жер учаскесінің орналасқан жері: _____

20__ жылғы № _____, _____ негізінде құрылған мынадай құрамдағы комиссия:

1. _____
2. _____

табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен ауыл шаруашылығы дақылдарының егістерін және тұқым сақтау орындарын зерттеп-қарау негізінде мыналарды анықтады: _____

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде мынадай ауыл шаруашылығы дақылдары жойылды:

Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Шаруашылықтағы ауыл шаруашылығы дақылының алаңы	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың түрі	Жойылған алаң	Кадастрлық нөмірі
1	2	3	4	5

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде мынадай ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары бүлінді:

Тұқым сақтау орнының нөмірі	Ауыл шаруашылығы дақылының түрі	Репродукция	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың түрі	Көлемі, тонна
1	2	3	4	5

Комиссия мүшелері:			
_____	_____		
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)	(қолы)		
_____	_____		
(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің немесе оның өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)	(қолы)		

Ауыл шаруашылығы саласында табиғи сипаттағы төтенше жағдай нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеу қағидаларына 3-қосымша Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан

Р/с №	са), тегі немесе заңды тұлғаның атауы	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	жағдайдың түрі	Бүлінген тұқымдардың көлемі, тонна	Бағасы, тоннасына теңге	Қаражат көлемі, теңге
1	2	3	4	5	6	7

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және өсімдік шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және өсімдік шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және өсімдік шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

(индексі: №1-ӨТЖ нысан, кезеңділігі: қажет болған кезде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және өсімдік шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысанды:

ауыл шаруашылығы дақылдары егістіктері мен тұқым сақтау орындарын зерттеп-қарау қорытындылары бойынша өсімдік шаруашылығы саласындағы комиссия

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарына береді.

4. Нысан қазақ және орыс тілерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанның 1-кестесінің 2-бағанында жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 1-кестесінің 3-бағанында ауыл шаруашылығы дақылының атауы көрсетіледі.

7. 1-формадағы 1-кестенің 4-бағанында төтенше жағдайдың табиғи сипаттағы түрі көрсетіледі: тасқындар, су басулар, қуаңшылық, табиғи өрттер, және басқа да жағдайлар.

8. Нысанның 1-кестесінің 4-бағанында залал келтірілген алаң гектарда көрсетіледі.

9. Нысанның 1-кестесінің 5-бағанында 1 гектарға жұмсалған шығындар теңгемен көрсетіледі.

10. Нысанның 1-кестесінің 6-бағанында қаражат көлемі теңгемен көрсетіледі (7-баған 5-баған мен 6-бағанның көбейтіндісіне тең).

11. Нысанның 2-кестесінің 2-бағанында жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

12. Нысанның 2-кестесінің 3-бағанында ауыл шаруашылығы дақылының атауы көрсетіледі.

13. 2-кестенің 4-бағанында төтенше жағдайдың табиғи сипаттағы түрі көрсетіледі: тасқындар, су басулар, қуаңшылық, табиғи өрттер және басқа да жағдайлар.

14. Нысанның 2-кестесінің 4-бағанында бүлінген тұқымдардың көлемі тоннамен көрсетіледі.

15. Нысанның 2-кестесінің 5-бағанында тоннасына бағасы теңгемен көрсетіледі.

16. 2 -кестенің 6-бағанында қаражат көлемі теңгемен көрсетіледі (7-баған 5-баған мен 6-бағанның көбейтіндісіне тең).

Ауыл шаруашылығы саласында
табиғи сипаттағы төтенше
жағдай нәтижесінде жеке және
заңды тұлғаларға келтірілген
залалды өтеу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін және бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеу туралы өтінім

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2026 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Маған табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде:

1) жануардың жеке нөмірін (бар болса) көрсете отырып, өлген ауыл шаруашылығы жануарлары үшін: _____

2) бүлінген инкубациялық жұмыртқалар үшін келтірілген залалды өтеуді сұраймын.

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі, электрондық почтасы: _____

жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі, электрондық почтасы: _____

2. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің екінші деңгейдегі банктегі

ағымдағы шоты туралы мәліметтер:

ЖСН/БСН _____

банктің деректемелері: _____

банктің атауы: _____

банктік сәйкестендіру коды _____

жеке сәйкестендіру коды _____

БСН _____

бенефициар коды _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыру аумағын көрсетіңіз

Облыс _____

Әкімшілік-аумақтық бірлестіктер сыныптауышы бойынша коды _____

P/c №	Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның атауы	Жануарлар мен құстардың жыныстық жас топтарының, инкубациялық жұмыртқалардың атауы	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың түрі	Жануарлар саны, бас	Келтірілген материалдық залалдың сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6

Комиссия мүшелері: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасының мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және мал шаруашылығы саласында зиян келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және мал шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және мал шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

(индексі: №1- МТЖ нысан, кезеңділігі: қажет болған кезде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккен және мал шаруашылығы саласында залал келтірілген жеке және заңды тұлғалардың тізбесі" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

3. Нысанды мал шаруашылығы саласындағы комиссия жұмыс қорытындысы бойынша береді.

4. Нысан қазақ және орыс тілерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 2-бағанында жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

7. Формадағы 3-бағанында төтенше жағдайдың табиғи сипаттағы түрі көрсетіледі: тасқындар, су басулар, қуаңшылық, табиғи өрттер және басқа да жағдайлар.

7. Нысанның 4-бағанында жануарлар мен құстардың жыныстық жас топтарының, инкубациялық жұмыртқалардың атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында (қаза тапқан) жануарлар саны, баспен көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында келтірілген материалдық залалдың сомасы, теңгемен көрсетіледі.